



Ақмола облысы,
Щучинск қ.

2019 ж. 19-20 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық Слеті аясында Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен 2019 жылғы 19-20 қыркүйекте туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағытта балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым басшыларының республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Балаларға туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық қосымша білім беру формалды емес білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Еліміздің Президенті Қазақстан халқына Жолдауында туризмді, әсіресе экотуризмді және этно туризмді дамыту, білім алушылардың қабілеттерін анықтауға негізделген кәсіптік бағдар беру бойынша тапсырмасы балалар мен жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамытуға бағытталған өте маңызды серпіліс болып табылады.

Бүгінгі таңда республиканың бірқатар өңірлерінде балаларға туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық қосымша білім беруді дамыту, жазғы кезеңде балалардың бос уақытын қамту, демалдыру және сауықтыру бойынша тиімді шараларды іске асыру тәжірибесі қалыптасқан.

Республикада балаларды туристік-өлкетану қызметімен қамту білім алушылардың жалпы санының 2,8 пайызын құрайды. Туристік-өлкетану білім беру қызметін жас туристердің 39 станциясы және орталықтары жүргізеді, оларға 28 650 бала қатысады. 2 179 жалпы орта білім беру

мектептерінің туристік-өлкетану үйірмелерінде - 46 923 бала. 15 мыңға жуық оқушы балалар шығармашылығы сарайлары мен орталықтарының туристік-өлкетану үйірмелеріне қатысады.

Мектептен тыс уақытта 2 580 мектеп үйірмелерінде және 13 жас экологтар мен натуралистер орталықтарында 80 мыңнан (2,7%) астам балаға экологиялық және биологиялық білім беріледі.

Жазғы кезеңде балалар арасында туристік-өлкетану қызметін дамытуға, экскурсиялық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жазғы уақытта балалардың бос уақытын қамту арқылы өңірлерде өлке тарихын зерделеу және оны сақтау жұмыстары белсенді жүргізіледі.

Жыл сайын жазғы мезгілде 14 мыңнан астам сауықтыру және спорт лагерлері, оның ішінде 2 мыңнан артық киіз үй, шатырлы, өлкетану лагерлері жұмыс жүргізеді, онда миллионға жуық оқушы спортпен шұғылданады, экспедицияларға қатысып, туристік дағдылары қалыптасады.

Жазғы кезеңде қосымша білім беру ұйымдары үйірмелер мен секциялардың (вокалды студиялар, би үйірмелері, сән театрлары, көркемөнер студиялары, ойын салондары, цирк өнері мектептері және т.б.) үнемі жұмыс істеуін қарастырады. Жас туристер, экологтар станциялары, музыка, өнер мектептері, көркем өнер мектептері, оқушылар үйлерінің базаларында бейінді лагерлер жұмыс істейді.

Үйлестіру кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының туристік индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, экологиялық мәдениетті насихаттау, азаматтық сананы қалыптастыру, өлкетануды дамыту және жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға араластыру мәселелері бойынша мемлекеттің, қоғамның және кәсіби қоғамдастықтың өзара іс-қимыл мәселелерін талқылауға бағытталған құрылымды сұхбат өтеді.

Мектептерде тарихи-археологиялық қозғалысты нығайту, ел өңірлерінде жаппай мектеп туризмін жандандыру, өңірдің барлық оқу орындарында балалар-жасөспірімдер туризмін, өлкетанудың дамуын үйлестіруді, өлкетану және туристік іс-шараларды өткізуді, туристік бағыттарды әзірлеуді қамтамасыз ететін аудандық, қалалық және облыстық мектептен тыс ұйымдар желісін құру немесе олардың филиалдарын ашу.

Өзекті мәселелерді талқылауға білім және ғылым, мәдениет және спорт, экология, геология және табиғи ресурстар, ішкі істер, денсаулық сақтау министрліктері, «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «QazagGeography» РҚБ, жергілікті атқарушы органдарының өкілдері, жалпы орта, қосымша, кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлері қатысады.

Қатысушыларға Слеттің жабылу салтанатына, туристік жорыққа дайындау бойынша шеберлік сыныптарға, экологиялық квесттер әзірлеуге қатысуға мүмкіндік беріледі.

Кеңес отырысының нәтижелері балаларға туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің басым бағыттарын, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерін анықтайтын ұсыныстарда көрініс табады. Отырыс материалдары www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

Қосымша ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына келесі телефон бойынша хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-24, e-mail: nt_ekotur@mail.ru